

## Отандық тауар өндірушілерді қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 24 маусымдағы N 123

Ғылыми қамтымды технологиялардың негізінде минералдық шикізатты өндіру және кешенді қайта өңдеу жөніндегі қосымша шараларды іске асыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында:

1. "ҚазақОйл" ұлттық мұнай-газ компаниясының "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" ЖАҚ, "KEGOC" Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы", "Қазкелісім-шарт" АҚ, "Медеу" бірлескен өндірістік кәсіпорны" ЖШС, "Алматықұрылыс" холдинг компаниясының және басқа да бірқатар ұйымдардың "Комакивест" жабық акционерлік қоғамын құру туралы бастамашылығы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен, белгілі бір бағдарламаларды орындау мақсатында, "Комакивест" ЖАҚ-ға (ол мемлекеттік тіркелгеннен кейін) инвестицияларды тарту және жер қойнауын пайдалануға қажетті лицензияларды ресімдеу жөнінде жәрдем көрсетсін.

3. Алматы қаласының әкімі заңда белгіленген тәртіппен: 1998 жылы "Комакивест" ЖАҚ қоңыр көмірдің базасында сулы көмір отынын тәжірибелік жағуды жүргізу үшін қазандық бөлуді; "Комакивест" ЖАҚ-ға кеңсесі мен зертханаларын орналастыру үшін қажетті үйлерді мүліктік жалға беруді көздесін.

4. Құрылтайшылардың "Комакивест" жабық акционерлік қоғамын кейін Қазақстан Республикасының шет елдермен жекелеген үкіметаралық келісімдерін іске асыруға тарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

Премьер - Министр